

егемен
Алғарасат

Құпия құжаттар не дейді?



Откен жылдың аяғында Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары, тарих ғылымдарының докторы Жанна Қыдыралина Президент Н.Назарбаевтың бастамасымен әзірленіп, іске асырылып жатқан «Халық тарих толқынында» бағдарламасының шеңберінде Мәскеуге іссапармен барып,

Ресейдің құпиялығы 2013 жылы ашылған архивтік қорларымен алғаш рет танысып қайтты. Олардың арасында Мемлекеттік, әлеуметтік-саяси тарих, жаңа кезең тарихы, Федералдық қауіпсіздік қызметі (ФҚҚ, бұрынғы КГБ) мүражайлары қорларының құжаттары бар еken.

Солардың ішінде ғалым КГБ-ның атақты «Жас тұлпар» ұйымына қатысты ақпараттарымен де танысқан еken. Өзі де 2004 жылдан бері ҰҚҚ мұрағаттарындағы деректерді зерттеп, осы тақырыпқа қалам тартып жургендіктен, Жанна Қыдыралина бұл құжаттарға да ерекше мән беріпті. Естеріңізге сала кетейік, 60-шы жылдардың басында елдің ішінде жібімес тоңдай қатырып тасталған ахуалды жұмсаруды көздеген Хрущевтің «жылымығына» сәйкес зиялды қауымның, студенттік ортаның қоғамдық белсенелілігі күрт артты емес пе? Осындайда кеңестік ұлттық саясаттың оспадарлығына қарсы болып, наразылығын ешкімге айта алмай, іштерінен қан жылап жүретін қазақтың озық ойлы, Мәскеуде оқитын жастары Мұрат Әуезовтің басшылығымен халықтың арасына шығып, оны рухани түрғыдан оятуды, ұлттық рухты көтеруді мақсат етіп, 1963 жылы «Жас тұлпар» ұйымын құрған еді ғой. Эрине, олар негізгі мақсаттарын тұра айтпай, өздерінің алдына халық арасына шығып, қазақтың әдебиеті мен өнерін насиҳаттаймыз, қазақ жастарына техникалық білімді, орыс тілін қалай оқып-үйренуді таратамыз деген секілді мұраттарды қоятындарын айтады. Мұндай ұйымнан ешкімге зиян келмесі белгілі, сондықтан оны Қазақстанның Мәскеудегі өкілдігі де қолдайды. Жанна Қыдыралина осы фактілерді айта келіп, орыс жастарының арасында да осыған ұқсас «Отечество» қоғамдық ұйымының құрылғанын еске салады. Оқыған қазақ жастары ондай ұйымды өз істеріне шебер пайдаланып, ресми орындарға барғанда оны өздерінің

беттеріне ұстаған екен. 2014 жылы осы ұйымның құрылғандығына 50 жыл толғандығы атальп өтіп, соған орай Әміржан Әлпейісовтің «Жас тұлпар» дүбірі» атты кітабы да жарық көрген. Онда ұйым жайлы біршама тың деректер бар. Алайда, оларды «тәуелсіздікті аңсаған тұнғыш жастар» деген сияқты артық бағаланған анықтамалар да кетіп қалған. Ол кезде Қазақстан тәуелсіз ел болсын деп ешкім де аңсаған емес, тек сананың тәуелсіздігін ғана ойлады десек, лазым болар. Сталиндік темір құрсаудан кейін Қазақстанның жеке ел болуы, тәуелсіз мемлекет болуы деген ұйымдардың мүлде тұншықтырылғаны анық. Жастұлпарлықтар да оны айтқан жоқ, олардікі тек ұлттық саясаттағы ұлыорыстық озырылдыққа қарсы әрекет етіп, рухани дүниелердің жандануына, тілдің, ділдің ұмытылмауына мұрындық болу еді. Әдебиет, мәдениет, өнер туралы лекциялары мен әңгімелері, қойған концерттік нөмірлері жақсы бағаланып, олар Қазақстан лениншіл коммунистік жастар одағынан (ЛКЖО) алғыстар да алып отырған. Алайда, құлағы түрік КГБ олардың айтқан сөздерін, келтірген азат ойлы пікірлерін жілкесінде берген. Осының әсері ме екен, кім білсін, 1966 жылы Жастар одағының бөлім менгерушісі Зейнелғабиден Мұхамеджанов жастұлпарлықтарды Алматыға іссапарға шақыру туралы ұсыныс жасағанда сол кездегі билік өкілдері бұл ұсынысты қолдамайды. Алайда, каникул кезінде Алматыға өздері келген жастұлпарлықтар Қазақстандағы ірі оқу орындарында өздерінің ұйымдары секілді орталықтар құруды қөздеген. Осы іске көмек көрсетуді сұрап, тағы да сол З.Мұхамеджановқа барады. Бұл азамат Павлодар, Семей, Қарағанды, Шымкент қалалары жастар ұйымдарына өздерінің өкілдерін Алматыға жіберуді талап етеді. Сондай-ақ, Алматының қалалық жастар ұйымына жастұлпарлықтардың жиынын өткізетін орынды табуды тапсырады. Осы істердің бәрін жілкесінде тізіп отырған КГБ өздерінің анықтамасында Мұхамеджановты қаралап, ол кеңесте болатын «нездоровое настроение» білді, білсе де соны ЛКЖО ОК хатшыларына айтқан жоқ, деп төндіреді. Әрине, сөйлеуге ерік берілген соң бастарына бұғалық тимеген асau жастар ашы шындықтарды айттып отырған. Алайда, ешқайсысы Кеңес өкіметіне қарсы қарулы құреске шығайық демегені анық. Бірақ тар қалыптағы құрсаулы санамен қарысып қалған КГБ-шылар олардың ойларын еркін білдіргеннің өзін өкіметке қарсы шыққандық, ұлттық қауіпсіздікке қатер деп бағалайды. Бұл азат ойдан тек қана қауіп күтетін тоталитарлық жабық жүйенің ерекше белгісі, әрине. КГБ-шылар жастұлпарлықтардың ізімен жүрген жансыздарының айтуына сүйеніп жазған анықтамасында Жазушылар одағының үйінде жастардың 8-9 ақпанда 40-50 адаммен кездескенін, оған басында ЛКЖО жетекшілері мен белгілі жазушылардың да қатысқанын айтады. Бірақ жастардың ашы шындықтарды ашық айта бастаған сөздерінен

бастарын ала қашып, жетекшілер мен жазушылар жиналыстан шығып кетіпті. Олардың кеткенін кездесудің «не совсем здоровый» сипат алыш бара жатқанынан болды деп түсіндіреді жансыз. Осыдан әрі КГБ анықтамасы жастұлпарлықтардың ҚазМУ-дің студенттерімен кездескенін, ал Мәскеуге кетіп бара жатқан жолда қарағандылық студенттермен жүздескенін жазады. Яғни, қашан Қазақстаннан кеткенше олардың басқан ізі андулы болыпты. Эрине, жастұлпарлықтардың істерінен қауіп күтіп жүрсе де КГБ олардың көтерген проблемаларын да өкіметке жеткізеді. Соның ішінде олардың «қазақ мәдениетін қолдау төмендеп бара жатыр, ұлттық киім ұлгілері мен дәстүрлер ұмытылуда, жастар ана тілін ұқпайды, зиялышты қауым қазақ тілінде сөйлемейді, қазақ мектептері жылдан жылға азаюда, қазақ тіліндегі баспа өнімдері, әдебиеттер аз шығуда, алыстағы ауылдарда мәдени-тұрмыстық және медициналық қызмет көрсету сапасы төмен, балалар өлімінің өсімі тым жоғары, республика өкіметі қазақ мәдениетін жаңдандыруға, ұлттың өрістеуіне жеткілікті дәрежеде көңіл бөлмейді, тың көтеру Қазақстан дамуын кем дегенде бес жылға артқа жіберді, Қазақстан ЖОО-ларында қазақша оқытпайды» деген секілді сөздері мен пікірлеріне өкіметтің назарын аударды. Эрине, өкімет: олары дұрыс екен, дереу шешіп тастайық деген жок, бірақ ішінен оның бар екенін, жастардың соларға наразы екенін біліп отырды. Сонымен бірге, КГБ анықтамасында жастұлпарлықтардың қазақ жастары арасында қой бағудың қатты насихатталатынына, жас шопандардың слеті секілді шаралардың қатты жалауланатынына наразылық білдірілгені жеткізіліпті. Мұны жастар «қазақ жастарын қой соңына байладап қою» («чабанизация») деп сынағаны айттылады. КГБ жансыздарының да барлық кеңес жүйесіндегі секілді аз ұлттардың есімдерін жазуға келгенде сауатсыз әрі тиянақсыз бола қалатындарын бұл анықтама да паш етіпті (Бұл да астам-шылықтың белгісі). Мәселен, ол сол кезде Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтында (МГИМО) оқыған Болатхан Тайжановтың да фамилиясын дұрыс жазбай, «Тальжанов (МГИМО)» деп қойыпты. Жансыз оның: «Біздің барлық сөздеріміздің, ойларымыздың, істеріміздің қайнар көзі ұлттық принцип болуы керек», деген пікірін айрықша, астын сзызып көрсеткен екен. Мұрат Әуезовтің де мына: «Біз көркемөнер тобы болып қала бермейік. Ұйымымыз өзінің саяси тұғырнамасын жасауы керек», деген сөздері осы, үркे қараған қатардан орын алышпты. Сондай-ақ, оның ұжымдастыру жылдары қазақтың миллионнан артығы, ал 1937 жылдың ұлттың бетке шығар қаймақтары тегіс қырылды деген деректері де КГБ-ны қатты шошытқаны байқалады. Өз баяндамасында үндістандық күрескер М.Гандиден келтірген: «Менің үйімнің терезесі барлық желдерге ашық. Бірақ осы желдер дауылға айналып, үйімді құлатпағанын қалаймын», деген сөздері

де анықтамада қауіпті пікір ретінде тұра жеткізіліпті. Айта кететін жайт, Ж.Қыдыралина дәл осы, «Жас тұлпар» жиын өткізген күндерден кейін Алматы медициналық институтының 100-ден астам студенті өздерін қазақша оқытпағанға наразылық білдіріп, сабаққа шықпай қойғанын айтады. Бұл шешімді студенттер жатақханаларында болған жиналыстарында қабылдапты. Міне, осының өзі ұлттық дүниеге келгенде самарқауланып қалған санаға шоқ түсіргендіктің белгісі емес пе? Әрине, КГБ мұны да жастұлпарлықтардың істерін айыптауға дерек еткен. «Жас тұлпардың» дүбірі барлық кеңестік жүйені солқылдатпаса да үркітіп кеткен. КГБ-ның сол кездегі бастығы В.Семичастныйдың өзі «Қазақ КСР-інің аумағындағы студент жастар мен зиялды қауым арасындағы ұлтшылдықтың көрінісі» деген хатпен КОКП ОК-ні де хабардар етеді. Осының дүмпуімен «Студент жастардың кейбір бөліктері арасындағы қауіпті, саяси сауатсыз ұстанымдар туралы» деген тақырыппен алдымен Қазақстан жастарының ЛКЖО-да, артынан БЛКЖО-да мәселелері қаралады. Осы кеңесте З.Мұхамеджанов «саяси қырағылық таныта алмадым» деп бар «кінәні» өзінің мойнына алып, басқаларды қатерден қағып қалады. Артынан ол қызметінен босатылады.

Жақсыбай Самрат, «Егемен Қазақстан». Суретте: алғашқы жастұлпарлықтар А.Байсалов, М.Әуезов, Қ.Сүлейменов. 1963 ж., Мәскеу қ.